

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Қарағанды облысы

№140340019465/260384/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғысы негізінде әрекет ететін Директор Койшин Руслан Канатович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП Асылым, талон негізінде әрекет ететін Басшысы Нарымбетова Гулзия Енсетбаевна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2026-05-21» жыл № 17027673-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 34 430.00 (отыз төрт мың төрт жүз отыз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Шарт күшіне енгеннен кейін Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, Тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді.

Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауға тиіс.



2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 1 721.50 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ 7 480.00 теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге бұл жалпы 9 201.50 ((тоғыз мың екі жүз бір тенге елу тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 584-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;



5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолданыс туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленсе, онда "Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36717 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады. Егер шетелдік тауар шығарылған болса, онда тауарды әкететін ел (одақ) біржақты тәртіппен белгілеген қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің (шарттардың) және (немесе) "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) талаптарына сәйкес әкелу елінің уәкілетті органы (ұйымы) берген тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі ұсынылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып тастау белгіленген бағдарламалық қамтылым санатына жатқызылған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қолданылмайды.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтар жоқ өнімді және жаман азиялық техникалар сатып алушы қоспағанда, Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Егер сатып алынатын тауарды дайындаушы зауыт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, жеткізілетін тауар үшін кепілдік кезеңі осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады. Ауыстырылған немесе жөнделген тауардың кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауардың ақауларын жою, ауыстыру, оның ішінде кедендік тазартумен байланысты барлық шығындарды жеткізуші де көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюдың кешігуі жеткізушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.



банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда



13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі. Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Карагандинская область, г.Приозерск,
БАЛХАШСКАЯ, 7
БСН 140340019465
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ236017091000008981
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: +77077265954
Директор Койшин Руслан Канатович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):

ИП Асылым
Карагандинская область, г.Приозерск,
Озерная, 23
БСН/ЖСН 871106451377
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ246017091000005471
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8 (778) 435 07 26
Басшысы Нарымбетова Гулзия
Енсетбаевна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 17027673-1
Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2026 қаржылық жыл												

86780654-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бұрып жіберу	полипропиленді, диаметрі 25 мм	Полипропиленді бұру 32мм х32мм Сыртқы диаметрі 32мм құбырға арналған бұрғы (32х 32мм) Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	40	137.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (40)	0	5480.00
2026 қаржылық жыл												



86781076-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бұрып жіберу	полипропиленді, диаметрі 25 мм	Полипропиленді бұру 20мм x20мм Сыртқы диаметрі 25мм құбырға арналған бұрғы (20x20мм) Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	40	110.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ., Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (40)	0	4 400.00
2026 қаржылық жыл												



86781020-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Полипропилен ұшайыр	өтпелі	Полипропилен 20X 20X 20мм Сыртқы диаметрі 20мм (20x 20x 20мм)құбырға арналған тістер Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	20	100.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (20)	0	2 000.00
2026 қаржылық жыл												



86780885-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Полипропилен ұшайыр	өтпелі	Полипропилен 32 X 32 X 32 мм Сыртқы диаметрі 32мм (32х 32х 32мм)құбырға арналған тістер Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	20	220.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (20)	0	4 400.00
2026 қаржылық жыл												



86780975-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалғастырғыш	құбырлар үшін, полипропилендік, өтпелі	Өтпелі полипропилен муфтасы 25 x 20 мм Сыртқы диаметрі 25/20 мм құбырларға арналған өтпелі Муфта (40x 32 мм) Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	20	89.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (20)	0	1 780.00
2026 қаржылық жыл												



86780731-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Құбырға арналған бітеуіш	полипропилендік	20мм полипропилен тығыны Сыртқы диаметрі 20мм құбыр ашасы Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	10	60.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (10)	0	600.00
2026 қаржылық жыл												



86780588-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалғастырғыш	Құбыр желісі үшін, полипропилендік, жалғастырғыш	Полипропилен муфтасы 32 x 32мм Сыртқы диаметрі 32мм құбырларға арналған Муфта (32x 32мм) Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	40	119.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (40)	0	4 760.00
2026 қаржылық жыл												



86780534-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Құбырға арналған бітеуіш	полипропилендік	32 мм полипропилен тығыны Сыртқы диаметрі 32 мм құбыр ашасы Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	10	167.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (10)	0	1 670.00
2026 қаржылық жыл												



82045554-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалғастырғыш	құбырлар үшін, полипропилендік, өтпелі	Өтпелі полипропилен муфтасы 25 x 32 мм Сыртқы диаметрі 25/32 мм құбырларға арналған өтпелі Муфта (25 x 32 мм) Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	20	99.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (20)	0	1 980.00
2026 қаржылық жыл												



86780767-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалғастырғыш	Құбыр желісі үшін, полипропилендік, жалғастырғыш	Полипропилен муфтасы 20х 20мм Сыртқы диаметрі 20мм құбырларға арналған Муфта (20х 20мм) Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	40	78.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (40)	0	3 120.00
2026 қаржылық жыл												



86780611-ОИ2	"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалғастырғыш	құбырлар үшін, полипропилендік, өтпелі	Өтпелі полипропилен муфтасы 32 мм Сыртқы диаметрі 40/32 мм құбырларға арналған өтпелі Муфта (40x 32 мм) Материал-полипропилен Суық су үшін PN-25 бар Тауарды өз қаражаты есебінен және Жеткізушінің өз күшімен жеткізу. Тапсырыс берушінің өтінімі 2026 жылдың ішінде, бөліктер бойынша (ішінара) жүзеге асырылуы мүмкін. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 16 күн ішінде, Тапсырыс берушінің жұмыс уақытында сағат 9-дан 18-ге дейін жүзеге асырылады. Тауарды қабылдау Өнім берушінің ресми өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тауардың түсін алдын ала келісуге міндетті. Тауарды жеткізер алдында Тапсырыс берушімен келісіңіз.	Дана	20	212.00	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізу. Жеткізуші қоймаға жеткізеді - Тапсырыс берушінің ғимаратының ішінде өз күшімен (түсіру және әкелу). Егер Өнім беруші отандық өндіруші болып табылса, жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн.	Қарағанды облысы, Приозерск қ. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 7 үй, Балқаш шипажайы (20)	0	4 240.00
--------------	---	--------------	--	--	------	----	--------	---	---	--	---	-------------



Договор о государственных закупках товаров

Карагандинская область

№140340019465/260384/00

Товарищество с ограниченной ответственностью "Лечебно-оздоровительный комплекс "Балхаш", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Койшин Руслан Канатович, действующий на основании Устава, с одной стороны и ИП Асылым, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Нарымбетова Гулзия Енсетбаевна, действующий на основании талон, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2026-05-21 года № 17027673-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 34 430.00 (тридцать четыре тысячи четыреста тридцать тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 Заказчик после вступления Договора в силу, производит авансовый платеж в размере согласно приложению 1 к Договору после внесения Поставщиком обеспечения исполнения Договора, обеспечения аванса и (или) суммы в соответствии со статьей 13 Закона. Оставшаяся сумма оплачивается Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи товаров, с учетом пропорционального удержания ранее оплаченного аванса. В случае, если Поставщик находится в реестре казахстанских товаропроизводителей, Заказчик в течение 10 (десяти) календарных дней со дня заключения договора производит авансовый платеж в размере 50 (пятидесяти) процентов от суммы договора на текущий финансовый год. Оплата за поставленный Товар производится Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи Товара. В случае, если поставщик находится в реестре казахстанских товаропроизводителей, срок полной оплаты за поставку товаров не превышает 10 (десять) рабочих дней со дня исполнения обязательств по данному договору.



2.3 Объем поставляемых товаров в количественном и стоимостном выражении оговорен в приложении 1 к Договору

2.4 Необходимые документы, предшествующие оплате:

- 1) подписанный Договор;
- 2) накладная;
- 3) акт(ы) приема-передачи товара(ов);
